

Төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия құру және Ережені бекіту туралы

Науырзым ауданы Әкімиятының 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 9 қаулысы. Қостанай облыстық Әділет департаментінде 2004 жылғы 23 ақпанда N 2758 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңының 13 бабының негізінде, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет және алдын алудың аудандық жүйесін одан әрі жетілдіру, авариялар, апаттар мен дүлей зілзалалардан халықты және аудан аумағын қорғау мәселелері бойынша ұйымдар мен мекемелердің әрекеттерін үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 31 бабы 1 тармағының 8,17 тармақшаларына сәйкес Науырзым ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия құрылсын, комиссияның дербес құрамы аудандық мәслихаттың сессиясына бекітілуге ұсынылсын.

2. Қоса беріліп отырған төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия туралы Ереже бекітілсін.

3. Науырзым ауданы әкімінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N№14 "Төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" мемлекеттік тіркеу нөмірі 1691, шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ә.Б. Асановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о с т а н а й о б л ы с ы
Н а у ы р з ы м а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 6 қ а ң т а р д а ғ ы
қаулысымен бекітілген

Төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1.Жалпы ережелер

1. Төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) кеңесші-мәжілістік орган болып табылады және ол авариялар, апаттар және дүлей зілзалалардың салдарынан болуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың зардаптарын жою төңірегінде бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізу жөнінен ұсыныстар дайындау мақсатында құрылады.

2. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңын, осы Ережені және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Комиссия өзінің құзырын меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен өзара әрекеттесе отырып жүзеге асырады.

4. Комиссияға аудан әкімінің орынбасары жетекшілік етеді.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

5. Комиссияның негізгі міндеттері келесі мәселелер жөнінде ұсыныстар дайындау болып табылады:

1) авариялар, апаттар және дүлей зілзалалардан болуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою төңірегінде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың күштері мен құралдарын құру және дамыту төңірегінде бірыңғай техникалық саясат жүргізу;

3) аудан аумағы мен тұрғындарын авариялар, апаттар және дүлей зілзалалардан болуы мүмкін төтенше жағдайлардан қорғауға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық, ұйымдастыру-техникалық және басқа да шараларды қалыптастыру;

4) төтенше оқиғалар кезіндегі әрекет пен алдын алу жүйесін алдағы уақытта да дамытудың және жетілдірудің басты бағыттарын анықтау;

5) авариялар, апаттар және дүлей зілзалалардың салдарынан жапа шеккен, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға қатысқан азаматтарды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғау, медициналық сауықтыру мәселелері бойынша кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдардың әрекеттерін үйлестіру.

3. Комиссияның құқықтары

6. Комиссия құқылы:

1) төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың зардаптарын жою төңірегінде кәсіпорындардың, мекемелерің және ұйымдардың әрекеттерін үйлестіру жөнінен ұсыныстар енгізуге;

2) комиссияның құзырына енетін сұрақтар жөнінен нормативтік-құқықтық актілердің жобасын дайындауға қатысуға;

3) комиссияның құзырына енетін сұрақтар жөнінен кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың лауазымдық тұлғаларын тыңдауға;

4) кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдардың төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мәселелері жөніндегі мақсатты бағдарламаларының орындалуына талдау жүргізуге, оның ішінде бағдарламалық шаралардың орындалуына бюджеттен бөлінген қаржылардың жұмсалуына талдау жасауға;

5) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою сұрақтары жөнінен аналитикалық, эксперттік және басқа да жұмыстарды орындау үшін ауданның кәсіпорындары, мекемелерің мен ұйымдарының мамандарын (олардың басшыларымен келісе отырып) тартуға.

4. Комиссияның әрекетін ұйымдастыру

7. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру-техникалық жағынан қамтамасыз ету төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның хатшысына жүктеледі.

8. Комиссия өз әрекетін төраға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

9. Комиссия отырыстары тоқсан сайын бір реттен және қажеттілікке қарай өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді.

10. Комиссия аудан әкімиятының қаулысын қабылдауды талап ететін сұрақтар бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның төрағасы арқылы белгіленген тәртіппен тиісті ұсыныс жасайды.

11. Комиссия өзі қарайтын және шешетін ең маңызды деген сұрақтар жөнінен аудан әкімияттың өнемі хабардар етіп тұрады.